



2020–2021 ЖЖ.

ББИ БІРІНШІ ОҚУ ЖЫЛЫ

СТУДЕНТТЕРІНІҢ

ЭДВАЙЗЕРІНЕ



АРНАЛҒАН
НҰСҚАУЛЫҚ

(ADVISOR HANDBOOK) >>>>



ҚҰРМЕТТЕУ



АДАЛДЫҚ



БІЛІКТІЛІК



ЖАУАПТЫ ҚАДАМ



ИНКЛЮЗИВТІЛІК



ҚАМҚОРЛЫҚ



ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН
МҰМКІНДІКТЕРІН ДАМУ





2020–2021 ЖЖ.
ББИ БІРІНШІ ОҚУ ЖЫЛЫ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ
ЭДВАЙЗЕРІНЕ
АРНАЛҒАН
НҰСҚАУЛЫҚ
(ADVISOR HANDBOOK)

ББИ ОӘК 2020 жылғы
«3» 09 №1 хаттамасымен бекітілді



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! СІЗ ЭДВАЙЗЕР БОЛДЫҢЫЗ!



А.Машани атындағы Базалық білім беру институты студенттердің таңдаған білім беру бағдарламасына қарамастан, бірінші оқу жылында Сәтбаев университетінің барлық студенттеріне жетекшілік етеді.

Бірінші оқу жылы – бұл әр студент өміріндегі маңызды кезең: бұл кешегі мектеп оқушысының білім берудің жаңа форматына, жаңа талаптар мен жаңа ортаға бейімделу кезеңі; бұл болашақ мамандардың өз саласы бойынша қалыптасу кезеңі; ғылыми жаңалықтар ашу мен жаңа мүмкіндіктер кезеңі.

Осы кезеңнің қаншалықты сәтті болғанына байланысты студенттің әрі қарайғы академиялық және кәсіби қызметі де солай жалғасатын болады.

Алғашқы оқу жылында эдвайзердің ролі қаншалықты маңызды екендігін бағалау өте қиын:

- ол студенттерді университеттің академиялық саясатымен және Кредиттік оқыту технологиясы (КОТ) ережелерімен таныстырады;
- ол білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді жұмыстық оқу жоспарына (ЖОЖ), КОТ-ның жалпы талаптарына сәйкес және студенттердің қызығушылықтарына қарай таңдап алуға көмектеседі;
- студенттерді сәйкес академиялық ресурстарға бағыттап отырады;
- студенттерге өз бойларындағы қабілеттерін ашуға көмектесе отырып, алдарына академиялық, кәсіби және жеке мақсаттар қою үшін тәжірибелі тәлімгер ретінде де көмек береді;
- кез келген мәселе жөнінде шешім қабылдауға көмектеседі.

Бұл нұсқаулық ақпараттық ресурс болып табылады – эдвайзер жұмысының негізгі кезеңдері жөнінде, эдвайзерлік қызметке қатысты процедуралар мен процестер, жалпы алғанда, эдвайзерлік саясат жөніндегі анықтамалық нұсқаулық.

ББИ-да эдвайзер болу – бұл оқытушы қызметінің ең маңызды, жауапты, әрі өте қызықты бөлігі!

Сізге сәттілік тілейміз!

МАЗМҰНЫ



Академиялық саясат	5
Эдвайзерлік қызмет	6
Эдвайзерлік қызметтен күтілетін нәтижелер	7
Базалық білім беру институтының эдвайзерлері қызметінің мақсаттары мен міндеттері	8
Эдвайзердің тікелей міндеттемелері	9
Эдвайзердің құқықтары.....	10
Эдвайзердің жауапкершілігі.....	11
Студенттің жауапкершілігі.....	12
Дұрыс кеңес беру жөніндегі нұсқаулар/ұсыныстар	13
Академиялық сектор/бөлім Академиялық күнтізбе	14
Эдвайзер жұмысының жылдық жоспары (To do list) Эдвайзер жұмысының 2020–2021 жж. арналған жылдық жоспары	18
Деңгейлік оқыту пәндерінің коды	21
Байланыс	22
Эдвайзердің басты құндылықтары	26





АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

Академиялық саясат – бұл студенттерді оқытуға бағытталған қызметті жүзеге асыру шараларын жоспарлау мен оны басқару және білім беру сапасын арттыруға бағытталған оқу процесін тиімді ұйымдастыру жөніндегі ережелер мен рәсімдердің жүйесі.

Академиялық саясат әркімнің зияткерлік дамуын, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін, оқуға қабылдау талаптарына сәйкестігін және білім деңгейінің дәйектілігін (сабақтастығын) ескере отырып, қоғамның барлық мүшелеріне барлық деңгейде де сапалы білімге қол жеткізуіне, тең дәрежеде білім алуына құқық беруге бағытталған.



Э Д В А Й З Е Р Л І К ҚЫЗМЕТ

Эдвайзерлік қызмет – оқытушының негізгі кәсіби қызметінің құрамдас бөлігі. **Эдвайзер** (*Advisor*) – студенттің университеттегі оқуының барлық кезеңінде академиялық тәлімгері ретінде қызмет атқаратын оқытушы.

Эдвайзер өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Кредиттік оқыту технологиясы» бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесін, Сәтбаев университетінің (*бұдан әрі – Университет*) жарғысы мен өзге де нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ [Эдвайзер туралы ережені](#) (*бұдан әрі – Ереже*) басшылыққа алады.

Эдвайзердің жұмысы университет оқытушысының кәсіби қызметінің маңызды көрсеткіші болып табылады және оқытушы аттестациядан өткен кезде, жеке еңбек шартын жасау немесе ұзарту кезінде ескеріледі.

Бірінші оқу жылы студенттерінің эдвайзері оқу жылының басында бітіруші түлектердің кафедралары мен бөлімдерінің ұсынысы бойынша ББИ директорының бұйрығымен ағымдағы оқу жылына тағайындалады.

Эдвайзерді қызметінен босату ББИ директорының бұйрығымен жүзеге асырылады. ББИ эдвайзерлері өздерінің қызметтерін үйлестіретін аға эдвайзерлерге бағынады және соларға есеп береді. Аға эдвайзерлерді ББИ-ның дирекциясы тағайындайды. Өз кезегінде аға эдвайзерлер ББИ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарына есеп береді. sso.satbayev.university порталында тіркеу туралы бұйрық шыққаннан кейін эдвайзерлерді тағайындау мен академиялық топтарды бөлу жұмысын ББИ-ның дирекциясы жүзеге асырады.





ЭДВАЙЗЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Академиялық кеңес беру тәжірибесінің арқасында студенттер бірінші жыл бойы:

- ▶ университеттің академиялық саясаты мен білім беру процесінің мәнін нақты түсінетін болады, яғни [KOT](#) ережелерін біліп, оны сақтайды;
- ▶ академиялық кезеңге сәйкес оқу процесін өз бетінше жоспарлайды және таңдалған оқу траекториясы шеңберінде оқитын болады;
- ▶ жинақталған жұмыс істеу тәжірибелерін СУ-нің білім беру платформаларында (*sso.satbayev.university*, *Microsoft Teams*, *Polytechonline*) көрсете алады;
- ▶ өзін-өзі тәрбиелеу және алға қойған мақсаттарына жету үшін қажетті ресурстар мен қызметтерді анықтап, қолдана алады;
- ▶ оқу тәжірибесі мен өзіндік академиялық, кәсіби және жеке мақсаттары арасындағы байланысты түсінеді;
- ▶ сабақтан тыс жерде жинақталған тәжірибені оқу жоспарына енгізудің маңыздылығын түсінеді;
- ▶ тиімді шешім қабылдауды, проблемаларды өз бетінше шешу дағдыларын жетілдіруді және тиімді қарым-қатынас жасауды үйренеді;
- ▶ академиялық, кәсіби және жеке мақсаттарына сәтті түрде жету үшін рефлексиялық дағдыларын, өзін-өзі бағалау және сыни ойлау қабілеттерін жетілдіруді үйренеді.





БАЗАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЭДВАЙЗЕРЛЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ



ББИ эдвайзерлерінің негізгі мақсаты – студенттердің оқу траекториясын таңдауына (*жеке оқу жоспарын құруға*) көмектесу және бірінші оқу жылында білім беру бағдарламасын толық меңгеріп шығуына ықпал ету.

ББИ эдвайзерлерінің негізгі міндеттері:

- академиялық қолдау көрсетуді жүзеге асыру;
- Университетте алғашқы оқу жылында студенттерге академиялық бағдар алуға және өзін-өзі кәсіби тұрғыда анықтай білуіне ықпал ету;
- Университеттің қоғамдық және шығармашылық өміріне студенттерді біртіндеп баулу.



Э Д В А Й З Е Р Д І Н Т І К Е Л Е Й М І Н Д Е Т Т Е М Е Л Е Р І



- Оқу жылына арналған жұмыс жоспарын орындау, жоспар бойынша оқу процесін ұйымдастыру мәселесі, [КОТ](#) ережелері және қолданыстағы нормативтік құжаттар жөнінде студенттермен кезекті ұжымдық және жеке кездесуледі ұйымдастыру (*қашықтықтан оқыту ба-рысында онлайн режимінде*).
- 1-ші оқу жылы студенттерімен менторлық жұмыс жүргізілуі үшін Student Reps өкілін жалпы эдвайзерлік топ чатына қосу.
- Әрбір студентке арналған нұсқаулығы бар файл немесе жазбаларды жүргізу.
- Студенттерге көктемгі семестр мен екінші оқу жылына арналған жеке оқу жоспарын (*ЖОЖ*) құруға бағыт беру.
- Оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуын мерзімді бақылау, Тіркеу офи-сінің менеджерлерімен және Базалық білім беру институтының ди-рекциясымен байланыста жұмыс жасау.
- Жатақханада тұратын студенттердің жағдайы мен мінез-құлқынан хабардар болу, әлеуметтік мәселелерді шешуге көмек көрсету.
- Мына тақырыптар жөнінде студенттермен кеңес жүргізу:
 - білім беру процесін дұрыс ұйымдастыру және Кредиттік оқы-ту технологияларының ережелері жайлы;
 - Кредиттік оқыту технологиясының жұмыс істеуі және іске асы-рылуы туралы, еңбек шығындарының көлемін және оларды меңгеру әдістерін есепке алуды бірыңғай бағалау ретінде кредиттерді анықтау жөнінде;
 - жұмыстық оқу жоспарлары мен элективті пәндердің каталогтары, міндетті компоненті және қосымша компонент пәндерінің тізімін құруға қойылатын талаптар, курстың пререквизиттері мен постре-квизиттері туралы;
 - Университеттің ішкі тәртіп ережелері туралы;
 - емтиханға қатысу ережелері туралы;
 - Академиялық адалдық кодексін және т.б. ережелерді сақтау туралы;
- Оқу жылы бойына жасаған жұмысы жайлы ББИ дирекциясына есеп беру.

ЭДВАЙЗЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ




Эдвайзер құқықты:

- толық топқа да, жеке-жеке студенттерге де байланысты мәселелерді шешуге қатысуға;
- студенттердің сабақ үлгерімі мен академиялық дәрежесі туралы мәселелерді қарастыратын комиссияның (*кеңестің*) жұмысына қатысуға;
- студенттердің оқу кезіндегі және оқудан тыс кездегі жұмыстарын жақсарту жөнінде, жатақханадағы тұрмыстарын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;
- студенттерді марапатқа ұсынуға;
- барлық пәндер бойынша ағымдағы, аралықтағы және қорытынды бақылау жұмыстарын жасаудың тәртібін сақтауды тексеруге;
- оқытушымен алдын ала келісім бойынша өз студенттерінің дәрістеріне, семинар сабақтарына, практикалық және кесте бойынша басқа да сабақтарына қатысуға;
- эдвайзер жұмысы туралы студенттерге ақпарат беруге құқылы.

Эдвайзер студенттің логині мен паролін қолдана отырып, оның қатысуынсыз жеке оқу жоспарын құруға құқылы емес, өйткені бұл университеттің академиялық саясатын бұзу болып саналады.



ЭДВАЙЗЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ



Эдвайзер мынадай мәселелерге жауапты:

- академиялық мәселелер жөнінде студенттерге уақтылы кеңес беріп тұруға (*ішкі нормативтік құжаттармен (КОТ ережелерімен, Академиялық адалдық кодексі, Емтихан сессиясын ұйымдастыру және өткізу туралы ережелермен, Академиялық күнтізбемен және т.б.)* таныстыруға;
- Университеттің оқу процесіне қатысты [нормативтік құжаттарына](#) енгізілген өзгерістер туралы студенттерді уақтылы хабардар етуге;
- студенттерге білім алу бойынша нақты жоспарын анықтап, оларды әзірлеуге көмектесуге;
- студенттердің жеке оқу жоспарын орындауға көмектесуге;
- 1-курс студентін ағымдағы оқу жылының және 2 оқу жылының көктемгі семестрінің пәндеріне (*мерзімінен бұрын тіркеу*) уақтылы, дұрыс және өзін-өзі тіркеуге;
- студенттерді сабақ кестесін құру процесі мен мерзімі, емтихан уақыты туралы (*ағымдағы оқу жылындағы академиялық күнтізбеге сәйкес*) хабардар етуге;
- ЖОЖ-на және Add/Drop кезінде сабақ кестесіне өзгеріс енгізуге кеңес беруге;
- Институт директорының, Тіркеу кеңесінің бұйрықтарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін еңбек заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес жауап береді;
- қажет болған кезде Университеттің құрамдас бөлімшелеріне студенттің келуін қамтамасыз етуге;
- қаржылық қарыздардың болуы туралы студенттерді хабардар етуге;
- байланысты корпоративтік пошта арқылы жүргізуге жауапты.





СТУДЕНТТІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Студент мына мәселелерге жауапты:

- білім беру бағдарламасының оқу жоспарындағы талаптарға сәйкес ЖОЖ құруға және курсты толық меңгеріп шығуға; өзінің ЖОЖ құрған кезде студент міндетті:
 - оқу процесін *КОТ бойынша ұйымдастыру жөніндегі ережелерге сүйенуге;*
 - оқу пәндерін белгіленген мерзімде тіркеу ережесін сақтауға.

- өзінің жеке мақсаттары мен бастамаларын, қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға;

- қажет кезде немесе қандай да бір көмек керек болған жағдайда эдвайзермен байланыс жасауға және кездесуге (*ҚО онлайн режимінде*). Егер де студент кездесуге келе алмайтындай жағдай туындаса, бұл туралы ол эдвайзерге ертерек хабарлауы тиіс;

- Университеттің саясаты мен талаптарын, ішкі ережелерін білуге және оларды сақтауға;


- егер қажет болса, басқа эдвайзерді тағайындау үшін өтініш білдіруге;

- барлық шешімдер үшін түпкілікті жауап беруге;

- эдвайзерлік қызмет туралы кері байланыс жасауға.



ДҰРЫС КЕҢЕС БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ НУСҚАУЛАР/ҰСЫНЫСТАР



Қабілетті және білімді эдвайзер:

1. Жеке көзқарасы жағынан да, кәсіби тұрғыдан да нағыз жанашыр эдвайзер болуға тырысады және эдвайзерлік қызметке өзі қызығушылық танытады.
2. Үнемі уақытын жоспарлап, студенттерге көбірек көңіл бөлуге тырысады, әрі олардың өз қалаулары бойынша да кеңес беріп отырады.
3. Университеттің саясаты мен практикалық тәжірибесін жеткілікті біледі, сондықтан да студенттерге қажетті, пайдалы әрі нақты ақпарат беріп отырады. Ал егер нақты жауабын білмесе, оны Кредиттік оқыту технологиясының ережелері мен басқа да нормативтік құжаттардан іздестіреді немесе ББИ-ның аға эдвайзерінен ақыл-кеңес сұрайды.
4. Егер де қажет болса, студенттерді толық әрі нақты жауап немесе көмек алатын ақпараттық дереккөздерге бағыттайды. Ұзақ мерзімді жоспарлау мен мәселені жылдам шешу жолдарын студенттерге тиімді кеңес берудің ажырамайтын басты бөлігі ретінде қарастырады.
5. Өзінің эдвайзерлік ролінің мәні мен мазмұнын үнемі жақсартуға тырысады. Жұмыс барысында жинақталған тәжірибесін әріптестерімен және өзі сияқты басқа да эдвайзерлермен бөлісіп отырады.
6. Эдвайзерлер мен оқытушыларға арналған бағдарламаларға және тренингтерге белсенді түрде қатысып отырады.
7. Студенттердің қиыншылықтарын солардың көзқарасы арқылы түсінуге тырысады. Студенттің не ойлайтынын түсіну үшін, өзін соның орнына қоюға тырысады. Студенттің барлық қиыншылықтарын толық түсіну үшін, оны мұқият тыңдайды.
8. Асығыс шешім қабылдамайды. Шешім шығару үшін қажетті фактілер толық жиналғанша күтеді. Ойын толықтыру үшін қажетті жанама сұрақтар қояды, (бұл студенттерге өздерінің мәселесі эдвайзерге де қатысты екендігін көрсетеді). Студенттерді ұятқа қалдыратын ыңғайсыз сұрақтарды қоймайды. Көп жағдайда «не болды?» немесе «қалай болды?» деген сияқты сұрақтарды ғана қояды, бұл «ия», «жоқ» немесе «білмеймін» деген қарапайым жауаптардан студенттердің көңілін бөлу үшін қажет.
9. Студенттің вербальды мінез-құлқын таниды. Ол жақсы тыңдаушы және әрбір сөздің мағынасы мен мәніне баса назар аударады. Бұл студентке келешекте толық және жағымды түрде әсер етуге мүмкіндік береді. Студенттің әрбір айтқан сөзінің интонациясына, оның эмоциясына (дауыс ырғағы мен тіліне) баса назар аударады.
10. Студенттерге мейірімділік танытып, әрқайсысымен жеке-жеке тіл табысады және өзара түсінікті әрі сенімді қарым-қатынас орнатады.





АКАДЕМИЯЛЫҚ СЕКТОР/БӨЛІМ

АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

2020–2021 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ КҮЗГІ 1-ШІ СЕМЕСТРІ (1-курс студенттері үшін)


1-курс студенттеріне арналған диагностикалық тестілеу	2 шілде – 31 тамыз, 2020 ж.
1-курс студенттеріне арналған бейімділік аптасы	17 – 22 тамыз, 2020 ж.
1-курс студенттері үшін 2020–2021 оқу жылының күзгі семестріне арналған сабақ кестесін құрастыру	2020 ж. 22 тамызға дейін
1-курс студенттері үшін күзгі 1-ші семестр пәндері бойынша теориялық курстардың басталуы (15 апта)	24 тамыз 2020 ж. (тамыздың 4-аптасы)
Қайта тіркелу мерзімі (Add/Drop аптасы) 2-7 о.ж. арналған ЖОЖ түзету.	24 – 28 тамыз, 2020 ж.
Қазақстан Республикасы Конституциясының күні	30 тамыз, 2020 ж. Жексенбі
Пәннен тегін түрде ажырату мерзімінің аяқталуы (“W”)	2020 ж. 25 қыркүйекке дейін
1-ші Аттестациялық апта (семестрдің 8-ші аптасы)	12 – 17 қазан, 2020 ж.
1-курс студенттерін 2-ші (көктемгі) семестрге тіркеу	26 қазан – 13 қараша, 2020 ж.

2020–21 о.ж. күзгі семестр емтихандарының кестесі	2020 ж. 7 қарашаға дейін
2-ші Аттестациялық апта (<i>семестрдің 15-ші аптасы</i>)	30 қараша – 5 желтоқсан, 2020 ж.
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні	1 желтоқсан, 2020 ж.
2020–2021 о.ж. 2-семестрі кестесіне студенттерді тіркеу	1–19 желтоқсан, 2020 ж.
1-ші (<i>күзгі</i>) семестрдің емтихан сессиясы.	6 – 15 желтоқсан, 2020 ж.
Қысқы демалыстар (<i>қайтадан орнығу немесе ауысу кезеңі</i>)	16 желтоқсан, 2020 ж. – 24 қаңтар, 2021 ж.
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні	16–17 желтоқсан, 2020 ж. Сәрсенбі-Бейсенбі
2020–2021 о.ж. 2-ші семестрінің сабақ кестесі	31 желтоқсан, 2020 ж.
Жаңа жыл	1-2 қаңтар, 2021 ж. Жұма-Сенбі
Рождество	7 қаңтар, 2021 ж. Бейсенбі

2020–2021 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ КӨКТЕМГІ 2-ші СЕМЕСТРІ

Көктемгі семестрдің FX және Incomplete бағаларын қайта тапсыру мерзімі	18–23 қаңтар, 2021 ж.
1-3 о.ж. студенттері үшін 2020–2021 о.ж. қысқы 2-ші семестрдің пәндері бойынша теориялық курстардың басталуы (<i>15 апта</i>)	25 қаңтар, 2021 ж. (<i>қаңтардың 4-ші аптасы</i>)
Қайта тіркелу мерзімі (<i>Add/Drop аптасы</i>). ЖОЖ түзету	25 – 30 қаңтар, 2021 ж.





1-3 о.ж. студенттерін 2021–2022 о.ж. бастапқы тіркеу	8 ақпан – 27 наурыз, 2021 ж.
1-3 о.ж. студенттерінің ЖОЖ-ына қол қою	2021 ж. 22 ақпанға дейін
Пәннен тегін түрде ажырату мерзімінің аяқталуы (“W”)	2021 ж. 22 ақпанға дейін
Халықаралық әйелдер күні	8 наурыз, 2021 ж. Дүйсенбі
1-ші Аттестациялық апта (<i>семестрдің 8-ші аптасы</i>)	15 – 20 наурыз 2021 ж.
Наурыз мейрамы	21 – 23 наурыз 2021 ж. Жексенбі-Дүйсенбі-Сейсенбі
Көктемгі демалыстар	21 – 28 наурыз, 2021 ж.
Әскери кафедрада оқу үшін 1 о.ж. студенттерінің Өтініштерін қабылдау	5-23 сәуір, 2021 ж.
Қ.И. Сәтбаев күні	12 сәуір, 2021 ж. Дүйсенбі
2020-21 о.ж. көктемгі семестр емтихандарының кестесі	2021 ж. 17 сәуірге дейін
«Бос орындар жәрмеңкесі-2021»	23 сәуір, 2021 ж.
Қазақстан халқының бірлігі күні	1 мамыр, 2021 ж. Сенбі
Отан қорғаушылар күні	7 мамыр, 2021 ж. Жұма
Жеңіс күні	9 мамыр, 2021 ж. Жексенбі
2-ші Аттестациялық апта (<i>семестрдің 15-ші аптасы</i>)	10 – 15 мамыр, 2021 ж.
2-ші көктемгі семестрдің емтихан сессиясы	16 – 23 мамыр, 2021 ж.

Жазғы семестрдің пәндеріне тіркелу (3 апта)	24 мамыр – 5 маусым, 2021 ж.
1 о.ж. студенттері үшін оқу және өндірістік практика мерзімі (1 апта)	24 мамыр – 4 маусым, 2021 ж. аралығында
Жазғы демалыстар (студенттердің қайта орнығу және ауысу мерзімі)	24 мамыр – 15 тамыз, 2021 ж.
Көктемгі семестрдің FX және Incomplete бағаларын қайтадан тапсыру мерзімі	31 мамыр – 4 маусым, 2021 ж.
Жазғы семестр: 6 кредиттен көп емес (6 апта)	21 маусым – 31 шілде, 2021 ж.
Астана күні	6 шілде, 2021 ж. Сейсенбі
2021-22 о.ж. 1-ші семестрінің сабақ кестесіне студенттерді тіркеу	19 – 31 шілде, 2021 ж.
2021-22 о.ж. 1-ші семестрінің сабақ кестесі	7 тамыз 2021 ж.





ЭДВАЙЗЕР ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

(To do list)

ЭДВАЙЗЕР ЖҰМЫСЫНЫҢ 2020–2021 ЖЖ. АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Ай сайынғы кейінге қалдыруға болмайтын істердің тізімі	Орындалу мерзімі	Орындалуы туралы белгі
	Мазмұны		
1	<p>1. Эдвайзер туралы ережемен танысу.</p> <p>2. КОТ ережелерін, сондай-ақ ҚО-ға байланысты студенттерге тиімді кеңес беру үшін енгізілген қосымшаларды оқып білу.</p> <p>3. 1-курс студенттеріне арналған анықтама-кітапшаны және Бағдар беру апталығының сайтына оқып білу.</p> <p>4. Корпоративтік пошта арқылы студенттерге алғашқы танысу хатты жіберу.</p> <p>5. Өзіңіздің топпен алғашқы кездесу ұйымдастырып, студенттермен танысу.</p> <p>6. Диагностикалық тесті студенттердің барлық пән бойынша түгел тапсырғанын қадағалап, мониторинг жүргізу.</p> <p>7. Студенттердің ағымдағы сұрақтары бойынша кеңес жүргізу (КОТ, ID іске қосу, порталға пароль орнату, корпоративтік поштаны іске қосу және т.б.).</p> <p>8. Бірінші күннен бастап студенттерді өз-өзіне қызмет көрсетуге үйрету және өз сұрақтарына қолжетімді ресурстар арқылы нақты жауап тауып алу үшін мүмкіндіктер жасау (анықтама-кітапша, университет сайты, портал және университеттің басқа да ресми желілері).</p> <p>9. Қажет болса, әлеуметтік желілерде (WhatsApp, telegram) топ құру. Алайда ресми байланысты корпоративтік пошта арқылы жасау.</p> <p>10. Эдвайзерлердің онлайн жиналысына хабарлама бойынша міндетті түрде қатысу.</p> <p>1-ші оқу жылы студенттерімен менторлық жұмыс жүргізілуі үшін Student Reps өкілін жалпы эдвайзерлік топ чатына қосу.</p> <p>11. Өзіңіздің эдвайзерлік топпен кезекті кездесу өткізіп, пәннен тегін түрде ажырату (“W”) мерзімінің аяқталғаны жайлы кеңес беру.</p>	Қыркүйек	

№	Ай сайынғы кейінге қалдыруға болмайтын істердің тізімі Мазмұны	Орындалу мерзімі	Орындалуы туралы белгі
2	<p>1. Өзіңіздің эдвайзерлік топпен кезекті кездесу өткізіп, бірінші аттестациялық апта жайлы (аралық бақылау ережелері) кеңес беру.</p> <p>2. 2020–2021 о.ж. көктемгі семестріне тіркелу туралы кеңес беру. Жұмыстық оқу жоспармен толық таныстырып, мұқият түсіндіру.</p> <p>3. Эдвайзерлердің онлайн жиналысына хабарлама бойынша міндетті түрде қатысу.</p> <p>4. Студенттердің оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуына сараптама жүргізіп, үлгерімі төмен топқа түскен студенттердің тізімін 20.10.2020 ж. дейін беру. https://forms.gle/iXUqozXrTuuosnqJ9</p>	Қазан	
3	<p>1. Өзіңіздің эдвайзерлік топпен кезекті кездесу өткізіп, екінші аттестациялық апта жайлы (аралық бақылау ережелері) кеңес беру.</p> <p>2. Емтихан жүргізілу ережелерімен таныстыру.</p> <p>3. 2020–2021 о.ж. көктемгі семестріне тіркелу аяқталғанына байланысты мониторинг жүргізіп, әрбір студентті тексеріп болғаннан кейін, оның жеке оқу жоспарын 13.11.2020 ж. дейін бекіту.</p>	Қараша	
4	<p>1. Өзіңіздің эдвайзерлік топпен кезекті кездесу өткізіп, емтихан сессиясы жайлы кеңес беру (қиыншылықтар бар болса, оны сессияға дейін немесе сессия кезінде шешу керек).</p> <p>2. Студенттерге 2020–2021 о.ж. 2-семестр кестесіне тіркеу туралы кеңес беру.</p> <p>3. Студенттерді оқудан шығу және қайтадан орналасу туралы ережелермен таныстыру.</p> <p>4. Teaching Excellence аясындағы вебинарға қатысу.</p> <p>5. Студенттердің оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуына сараптама жүргізіп, үлгерімі төмен топқа түскен студенттердің тізімін 22.12.2020 ж. дейін беру. https://forms.gle/iXUqozXrTuuosnqJ9</p> <p>6. Тіркеу кеңесінің өтінішімен қысқы сессияның нәтижесі бойынша ЖОЖ-на түзетулер енгізілуі мүмкін.</p>	Желтоқсан	
5	<p>1. Teaching Excellence аясындағы вебинарға қатысу.</p> <p>2. Өзіңіздің эдвайзерлік топпен кезекті кездесу өткізіп, қайта тіркелу мерзімі жайлы (Add/Drop аптасы; ЖОЖ-на түзетулер енгізу) кеңес беру.</p>	Қаңтар	

№	Ай сайынғы кейінге қалдыруға болмайтын істердің тізімі	Орындалу мерзімі	Орындалуы туралы белгі
	Мазмұны		
6	<p>1. Эдвайзерлердің онлайн жиналысына хабарлама бойынша міндетті түрде қатысу.</p> <p>2. Өзіңіздің эдвайзерлік топпен кезекті кездесу өткізіп, 1-ші оқу жылы студенттерін 2021–2022 о.ж. алғашқы тіркеу жайлы кеңес беру.</p> <p>3. Көктемгі семестрде пәннен тегін түрде бас тарту (“W”) аяқталу аптасы жайлы ақпарат беру.</p>	Ақпан	
7	<p>1. Өзіңіздің эдвайзерлік топпен кезекті кездесу өткізіп, бірінші аттестациялық апта жайлы (аралық бақылау ережелері) кеңес беру.</p> <p>2. 2021–2022 о.ж. алғашқы тіркелудің аяқталғанына байланысты мониторинг жүргізіп, әрбір студентті тексергеннен кейін, олардың ЖОЖ-ын бекіту.</p> <p>3. Студенттердің оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуына сараптама жүргізіп, үлгерімі төмен топқа түскен студенттердің тізімін 10.03.2021 ж. дейін беру. https://forms.gle/iXUqozXrTuuosnqJ9</p>	Наурыз	
8	<p>1. Өзіңіздің эдвайзерлік топпен кезекті кездесу өткізіп, 1-ші оқу жылы студенттеріне Әскери кафедраға өтініш тапсыру туралы және екінші аттестациялық апта (аралық бақылау ережелері) және емтихан сессиясы (кеңес беру). https://forms.gle/iXUqozXrTuuosnqJ9</p>	Сәуір	
9	<p>1. Студенттердің оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуына сараптама жүргізіп, үлгерімі төмен топқа түскен студенттердің тізімін 25.05.2021ж. дейін беру. https://forms.gle/iXUqozXrTuuosnqJ9</p> <p>2. Емтихан өткізу ережелерімен таныстыру.</p> <p>3. Жазғы семестрдің (3 апта) пәндеріне тіркелу туралы кеңес беру.</p>	Мамыр	
10	<p>1. Өзіңіздің эдвайзерлік топпен соңғы кездесу өткізіп, жазғы семестрдегі оқу практикасы жайлы кеңес беру.</p> <p>2. Teaching Excellence аясындағы вебинарға қатысып, сертификат алу.</p>	Июнь	



ДЕНГЕЙЛІК ОҚЫТУ ПӘНДЕРІНІҢ КОДЫ

МІНДЕТТІ ПӘНДЕР

Ағылшын тілі – LNG105

LNG1051 – Beginner A1

LNG1052 – Elementary A1

LNG1053 – General 1 A2

LNG1054 – General 2 A2

LNG1055 – Academic B1

LNG1056 – Business B2

LNG1057 – Professional C1

Элективті пәндер

LNG110 – Intercultural Communication C2

LNG109 – IELTS Preparation C2

Қазақ (орыс) тілі – LNG101/102/103

LNG1041 – Қазақ тілі. Элементарлы деңгей A1

LNG1042 – Орыс тілі. Элементарлы деңгей A1

LNG10111 – Қазақ тілі. Базалық деңгей A2

LNG10121 – Орыс тілі. Базалық деңгей A2

LNG10112 – Қазақ тілі. Академиялық деңгей B1

LNG10122 – Орыс тілі. Академиялық деңгей B1

LNG10113 – Іскерлік қазақ тілі. B2

LNG10123 – Орыс тілі. Ілгері деңгей B2

LNG1021 – Риторика (*Шешендік өнердің негіздері, қазақ тілінде*) C1

LNG1022 – Риторика (*Шешендік өнердің негіздері, орыс тілінде*) C1

LNG1031 – Іскерлік қарым-қатынас мәдениеті, қазақ тілінде C1

LNG1032 – Іскерлік қарым-қатынас мәдениеті, орыс тілінде C1

Элективті пән

LNG106 – Жаңа қазақ әліпбиі және тіл мәдениеті C2

Физика – РНУ001

РНУ00110 – Физика: Физикаға кіріспе (*физика 0*) қазақ тілінде

РНУ00120 – Физика: Физикаға кіріспе (*физика 0*) орыс тілінде

РНУ00130 – Физика: Физикаға кіріспе (*физика 0*) ағылшын тілінде

РНУ00111 – Физика 1 қазақ тілінде

РНУ00121 – Физика 1 орыс тілінде

РНУ00131 – Физика 1 ағылшын тілінде

РНУ00112 – Физика 2 қазақ тілінде

РНУ00122 – Физика 2 орыс тілінде

РНУ00132 – Физика 2 ағылшын тілінде

РНУ00113 – Физика 3 қазақ тілінде

РНУ00123 – Физика 3 орыс тілінде

РНУ00133 – Физика 3 ағылшын тілінде

Математика - МАТ001

МАТ00110 – Алгебра және мат.талдауға кіріспе (*математика 0*) қазақ тілінде

МАТ00120 – Алгебра және мат.талдауға кіріспе (*математика 0*) орыс тілінде

МАТ00130 – Алгебра және мат.талдауға кіріспе (*математика 0*) ағылшын тілінде

МАТ00111 – Математика 1 қазақ тілінде

МАТ00121 – Математика 1 орыс тілінде

МАТ00131 – Математика 1 ағылшын тілінде

МАТ00112 – Математика 2 қазақ тілінде

МАТ00122 – Математика 2 орыс тілінде


МАТ00132 – Математика 2 ағылшын тілінде

МАТ00113 – Математика 3 қазақ тілінде

МАТ00123 – Математика 3 орыс тілінде

МАТ00133 – Математика 3 ағылшын тілінде





БАЙЛАНЫС

Бөлімше	Бөлімшенің міндеті	Байланыс үшін e-mail
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор, НК, 407	Студенттер академиялық қолдау және эдвайзинг, академиялық комплаинг	provost@satbayev.university
Базалық білім беру институты, ГУК, 616, 615	1-курс студенттерін қолдау мәселелері	ibo@satbayev.university
Қоғамдық пәндер кафедрасы, ГУК, 812, 814	Студенттерді гуманитарлық пәндер бойынша қолдау мәселелері	socialstud.dep@satbayev.university
Ағылшын тілі кафедрасы, ГУК, 823, 825	Студенттерді ағылшын тілі пәні бойынша қолдау мәселелері	eld@satbayev.university
Қазақ және орыс тілдері кафедрасы, ГУК, 521, 610	Қазақ және орыс тілі пәндері бойынша студенттерді академиялық қолдау мәселелері	qazruslang@satbayev.university
Дене шынықтыру кафедрасы, ГМК, 102	Дене шынықтыру пәні бойынша студенттерді академиялық қолдау және спорттық бос уақыт мәселелері	sport@satbayev.university
Студенттік медиа орталық (СМЦ) ГУК 616	«UNIQUUM SM » журналының редакциясы	uniqumsu@satbayev.university
Ғылыми кітапхана, ГМК	Студенттерге арналған кітап, библиографиялық және электрондық ресурстар	library@satbayev.university
Халықаралық қатынастар бөлімі НК 903	Шетелде оқу және білім алмасу бағдарламалары	international_office@satbayev.university
Студенттік мәселелер жөніндегі департамент, НК, 408	Студенттерді әлеуметтік және академиялық емес қолдау, жатақхана мәселелері	studentaffairs@satbayev.university
Медицина орталығы, МУК	Медициналық көмек	medicalcenter@satbayev.university
Тіркеуші кеңсесі	Студенттерге академиялық қызмет көрсету	or-help@satbayev.university
Қашықтықтан білім беру институты	Polytechnonline.kz платформасында техникалық көмек көрсету	ldo-help@satbayev.university
Ақпараттық жүйелер бөлімі	Техникалық көмек Microsoft Office 365	dis-help@satbayev.university
Қаржы және бухгалтер есеп департаменті, НК, 217	Студенттерге шәкіртақы алуға арналған 20 сандық қарточкалық шотын беру	oro-schet@satbayev.university
Әскери есепке тұру секторы, ГУК, 341	Әскери есепке тұру мәселелері	military@satbayev.university



Кибернетика және ақпараттық технологиялар институты ГУК 513	Институт студенттерін академиялық емес қолдау мәселелері	itech@satbayev.university
Бағдарламалық инженерия кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	isoft@satbayev.university
Киберқауіпсіздік, ақпаратты өңдеу және сақтау кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	cybers@satbayev.university
Қолданбалы механика және инженерлік графика кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	mechanics@satbayev.university
Математика және кибернетика ғылыми-білім беру орталығы ГУК 810	Кафедра студенттері мен Математика пәнін оқитын студенттерді академиялық қолдау мәселелері	math@satbayev.university
Геология, мұнай және тау-кен институты ГУК 325	Институт студенттерін академиялық емес қолдау мәселелері	lgngd@satbayev.university
Геологиялық барлау, пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу және барлау кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	geology@satbayev.university
Мұнай инженериясы кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	petroleum@satbayev.university
Геофизика кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	geophysics@satbayev.university
Мұнай және газ геологиясы кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	geo.oilgashydro@satbayev.university
Тау-кен ісі кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	mining@satbayev.university
Маркшейдерлік іс және геодезия кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	msgeodesy@satbayev.university



Институт металлургии и промышленной инженерии ГМК 232	Студенттерге академиялық емес колдау көрсету	imipi@satbayev.university
Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық колдау мәселелері	metallurgyminprocess@satbayev.university
Металлургиялық процестер, жылу техникасы және арнайы материалдар технологиясы кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық колдау мәселелері	m.metallurgy@satbayev.university
Технологиялық машиналар, көлік және логистика кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық колдау мәселелері	techmash@satbayev.university
Инженерлік физика кафедрасы, ГУК, 1035	Кафедра студенттерін және Физика пәнін оқитын студентерді академиялық колдау мәселелері	physics@satbayev.university
Индустриялық автоматика және цифрландыру институты МСК 26	Студенттерге академиялық емес колдау көрсету	iiad@satbayev.university
Робототехника және автоматтандырудың техникалық құралдары кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық колдау мәселелері	robotics@satbayev.university
Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық колдау мәселелері	industry@satbayev.university
Электроника, телекоммуникация және космостық технологиялар кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық колдау мәселелері	eet_department@satbayev.university
Автоматтандыру және басқару кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық колдау мәселелері	automation@satbayev.university
Энергетика кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық колдау мәселелері	energy@satbayev.university
Химиялық және биологиялық технологиялар институты ГМК 219	Институт студенттеріне академиялық емес колдау көрсету	biochem@satbayev.university
Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық колдау мәселелері	depchembio@satbayev.university
Химиялық процестер және өндірістік экология кафедрасы	Кафедра студенттеріне және Химия пәні бойынша оқитын студенттерге академиялық колдау көрсету мәселелері	chemeco@satbayev.university

Сәулет және құрылыс институты МУК 202	Институт студенттеріне академиялық емес қолдау көрсету	ias@satbayev.university
КҚұрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	sismkaf@satbayev.university
Инженерлік жүйелер мен желілер кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	isiskaf@satbayev.university
Сәулет кафедрасы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	archkaf@satbayev.university
Жобаларды басқару институты ГУК 415	Институт студенттеріне академиялық емес қолдау көрсету	management@satbayev.university
Математикалық экономика ғылыми-білім беру орталығы	Кафедра студенттерін академиялық қолдау мәселелері	mathecon@satbayev.university



ЭДВАЙЗЕРДІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



ҚҰРМЕТТЕУ

Эдвайзерлер әрбір студенттің жеке басының құндылығын құрметтеп және сыйластықпен қарап, бағалайды. Олар студенттердің көзқарастары мен мәдени құндылықтарына түсіністікпен қарап, сыйлайды және студенттерге бағытталған ойлау жүйесін қолдай отырып, оң қарым-қатынас орнатады.



БІЛІКТІЛІК

Эдвайзерлер студенттердің, әріптестердің, институттың және жалпы жоғары білімнің құндылықтары мен принциптеріне сәйкес әрекет етеді.



ИНКЛЮЗИВТІЛІК

Эдвайзерлер әртүрлі топқа кіретін тұрғындарды қолдау мәдениетін бағалап, сыйластықпен қарап және оларға өздері де қатысады. Эдвайзерлер өздерінің қарым-қатынасы, ашықтығы, қабылдаушылық және әділеттілік қабілеттері арқасында студенттердің, институттың және әріптестердің қажеттіліктері мен перспективаларын ескеретін орта құруға және оны қолдауға тырысады.



ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРДІҢ АШЫЛУЫ

Эдвайзерлер білім беру қоғамдастығын, жалпы әрбір студентті өзінің әлеуеттерін іске асыруға ынталандырып, өз проблемаларын өздері шешуге үйретеді және соған қолдау көрсетеді, олар өздерін де, басқаларды да құрметтеуге, сөйтіп даралық қабілеттерін көрсете білуге ұмтылдырады.



АДАЛДЫҚ

Эдвайзерлер рефлексиялық тәжірибе негізінде жасалған этикалық және кәсіби мінез-құлық ережелеріне сәйкес әрекет етеді. Эдвайзерлер әріптестерімен, оқытушылармен және студенттермен қарым-қатынаста адалдықты, ашықтық пен жауапкершілікті бағалайды және соны дамытуға тырысады.



ЖАУАПТЫ ҚАДАМ

Эдвайзерлер студенттердің сәтті түрде жетістіктерге жетуі үшін студенттік қызметтің барлық жақтарын оқуда да, өмірде де дамытуға және жетілдіруге тырысады. Эдвайзерлердің қызметтері студенттерге, әріптестерге бағытталған және барлық салада – кәсіпте, бизнесте, институтта жауапкершілік амалдарын таныта отырып, өзінің мінез-құлқы мен қарым-қатынасы арқылы студенттерге кәсіби және тұлғалық тұрғыда дамуға дұрыс бағыт береді.



ҚАМҚОРЛЫҚ

Эдвайзерлер студенттерді ынталандырып, қолдап, бағыттап және оқыту арқылы олармен сенімді қарым-қатынас қалыптастырады. Эдвайзердің студенттермен және әріптестермен қарым-қатынасы мейірімділікке, сезімталдыққа, көңіл бөлуге, бірлік пен өзара құрметке негізделген.